

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет кадрларымен жұмысты жетілдіру мәселелері туралы" 1999 жылғы 24 ақпандағы N 13 өкімін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 4 наурыз N 25-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет кадрларымен жұмысты жетілдіру мәселелері туралы" 1999 жылғы 24 ақпандағы N 13 өкіміне сәйкес:

1. Орталық атқарушы органдардың басшылары 1999 жылғы 15 наурызға дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі өткізетін конкурстардың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет лауазымдарының үшінші және одан төменгі санаттарындағы мемлекеттік қызметшілердің бос орындарына қабылдауды жүзеге асыру мақсатында аппараттардың бос мемлекеттік лауазымдарының тізімдерін берсін.

2. Министрліктер, агенттіктер Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігімен келісім бойынша осы мәселе жөніндегі ведомстволық нормативтік актілерді Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет кадрларымен жұмысты жетілдіру мәселелері туралы" 1999 жылғы 24 ақпандағы N 13 өкімінің талаптарына сәйкес келтірсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 тамыздағы N 396

R960396\_

және 1998 жылғы 5 наурыздағы N 50 өкімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК